

Сматаев - «Халық жазушысы»

Қазақ оқырманына «Елім-ай» романын берген арымды алашгер, халық аралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Құрмет» ордендерінің, «Парасат» орденінің иегері, жерлесіміз Софы Сматаевқа «Қазақстанның Халық жазушысы» атағы берілді. Мұртебелі атақ Республика көпшілік арсаында табысталды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Софы Сматаев 1941 жылы 22 маусымда Ақараңды облысы бұрынғы Ақадыр ауданында дүниеге келген. Әдебиеттегі жолын поэзиямен бастаған. 1968 жылы «Астана оттары» деген тұңғыш өлеңдер жинағы баспадан шыққан. Осы уақытқа дейін 20-дан астам кітабы жарық көрген. Алашгердің шоқтығы биік шығармасы - «Елім-ай» роман-трилогиясы. Қазақтың тарихын арнау еткен көлемді туынды 70-ші жылдары өлттың рухқа жұтаған жұртты жалт қаратты. Одан бөлек, «Таңдырлар», «Сен кімсің?», «Жұлдызым менің жоғары» деп аталатын пьесалары бар. «Жұмбақ ңыз», «Жаяу Мұса» операларының либереттосын жазды. В.Короленко, В.Иванов, В.Солоухин, Х.Абдуллин, Ю.Мухлисов, сондай-ақ, У.Шекспир, И.Добозинский шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Софы Сматаевпен бірге бөлек атақты жазушы Т.Әбдіқалы, С.Елубаев, Б.Нұржекеев, А.Аширов және Л.Шашкова иеленді. «Қазақстанның Халық өртісі» құрметті атағы еліміздің көрнекті мәдениет қайраткерлері, театр және кино актерлері Д.Ахимовқа, М.Токарев пен Д.Ақмолдаға, опера өншілері Ш.Әбілов пен Т.Көзенбаевқа, атақты өншілер Р.Стамғазиевке, Д.Құдайбергеге және көпші А. Әлкенбаеваға берілді.

Айта кетейік, Президент Жарлығымен «Қазақстанның Халық жазушысы» мен «Халық өртісі» атақтары Мемлекеттік наградалардың біріне осылды.